

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны пайдаланбас бұрын барлық нұсқаулықтарды мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтарды сақтап қойыңыз

Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді.

- Пешті бірінші рет пайдаланбас бұрын, пештің ішіндегі қорғаныш қатырма қағаз, кітапшалар, полиэтилен қалталары, т.б. сияқты кез келген қағазды және басқа нәрселерді алып тастаңыз.
- Құрылғы қосылған розеткадан кемінде 20 см қашықтықта орналасуы керек.
- Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірлері арасына 10 см, ал пештің үстіне 10 см бос орын қалдырыңыз.
- Тасымалдау алдында қыздыру элементтеріне жабыстырылған қорғаныш заттардың болуынан туындайтын кез келген түтінді және «жаңа» иісті кетіру үшін, бірінші рет пайдалану алдында құрылғының термостатын кемінде 15 минутқа қойып, пешті бос күйінде қосыңыз. Бөлмені желдетіңіз.
- Барлық керек-жарақтарды пайдалану алдында мұқият жуыңыз.

Маңызды!

Мұндай ескертуді елемеу жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

- Бұл пеш тамақ пісіруге арналған. Оны ешқашан басқа мақсаттар үшін пайдалануға, кез келген түрде құрылымын өзгертуге немесе жасанды түрі жасалмауы керек.
- Құрылғыны орамынан шығарған кезде, оның қақпағының зақымданбағанын және дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. Қақпақ шыныдан жасалған, сондықтан ол сынғыш болып келеді. Егер оның шытынағаны, соғылғаны немесе сызылғаны байқалса, оны ауыстыру керек. Құрылғыны пайдалану, тазалау және жылжыту кезінде қақпақты қатты жаппаңыз немесе ұрмаңыз. Құрылғы ыстық болған кезде шыныға сұйық зат құймаңыз.
- Құрылғыны әрқашан биіктігі кемінде 85 см, беті көлденең және балалардан қорғалған жерге орналастырыңыз.

• Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және оның сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.

- Құрылғыны қолдану барысында жылжытпаңыз.
- Бұл құрылғыны мына жағдайларда пайдаланбаңыз:
 - қуат кабелінде ақаулық болса;
 - құрылғы құлап кеткен болса, оның зақымданғаны немесе ақаулықтары байқалса. Мұндай жағдайларда барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін құрылғыңызды ең жақын жердегі уәкілетті тұтынушы қызметтеріне алып барыңыз.
- Бұл құрылғыны ешқашан ыстық көздерінің қасына қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны жылу көзі ретінде пайдаланбаңыз.

- Пештің ішіне ешқашан қағаз, қатырма қағаз немесе пластмассаны салмаңыз және құрылғының үстіне ешқашан ешнәрсе қоймаңыз (құралдар, торлар, басқа заттар).
- Желдету саңылауларына ешқашан ешнәрсе салмаңыз. Оларға ешнәрсе тұрып қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Бұл пеш кірістіріп орнатуға арналмаған.
- Ашық қақпақтың үстіне ауыр заттарды, қайнап жатқан табаларды немесе ыдыстарды қоймаңыз. Тұтқаны төмен қарай баспаңыз.
- Кәсіби немесе дұрыс емес қолдану немесе нұсқауларды орындамау өнім жасаушысын барлық жауапкершіліктерден босатады және кепілдікті жарамсыз етеді.
- Бұл – тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Пайдаланылмаған кезде және тазаламас бұрын, құрылғыны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.
- Бұл құрылғыны таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен пайдаланылмауы керек.
- Бұл құрылғыны артын қабырғаға қаратып орналастыру арқылы пайдалану керек.
- Тазалау алдында таймерді «0» бағытына бұрау және оны розеткадан ажырату арқылы әрқашан құрылғыны ажыратып отырыңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп

соқтырады.

- Жұмыс істеп тұрған кезде қақпақ және қол жетімді сыртқы беттері қатты қызуы мүмкін. Әрқашан құлақшаларды, тұтқаларды және түймелерді ғана ұстап пайдаланыңыз. Металл бөліктерді немесе шыныны ешқашан ұстамаңыз. Қажет болса ас пісіру қолғабын киіңіз.
 - Бұл құрылғы өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін жоғарғы температураларда жұмыс істейді.
 - Өнімдерді ешқашан пештің қасына немесе ол орналасқан жердегі жұмыс істелетін бетке қоймаңыз.
 - Бұл құрылғыны ешқашан қабырға шкафының, текшесінің астында немесе перделер, жалюздер және т.б. сияқты тұтанғыш материалдардың қасында пайдаланбаңыз.
 - Егер тамақ немесе пештің басқа бөлшектері өртенсе, өртті ешқашан сумен өшіруге әрекеттенбеңіз. Қақпақты жабыңыз, розеткадан суырыңыз және отты дымқыл шүберекпен бүркеңіз.
-  **Қайынм!**
- Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.
- Розеткаға қоспас бұрын, мынаған көз жеткізіңіз:
 - Құрылғының төлқұжат жапсырмасында көрсетілген кернеуі үйдегі розетканың кернеуіне сәйкес.
 - Розеткада кемінде 16 А қуат бар және жерге тұйықтау сымы бар.
- Осы апатты жағдайдың алдын алуға арналған ереже орындалмаған жағдайда өнім жасаушысы ешнәрсе үшін жауапты болмайды.
- Қуат кабелінің түйдектеліп қалуына жол

бермеңіз және пештің ыстық бөліктерін ұстамаңыз. Құрылғыны қуат кабелін тарту арқылы ешқашан ажыратпаңыз.

- Егер ұзартқыш кабельді пайдаланғыңыз келмесе, оның жақсы күйде тұрғанына, розетканың жерге тұйықталғанына және сымдардың айқасқан бөліктері кемінде құрылғымен бірге берілген қуат сымына тең екеніне көз жеткізіңіз.
- Электрлік шоктың барлық қауіптерінің алдын алу үшін, қуат кабелін, ашаны немесе құрылғының өзін ешқашан суға батырмаңыз.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны өнім жасаушысы, өнім жасаушысының тұтынушылық қызметтері немесе білікті маман ауыстыруы керек.
- Жеке қауіпсіздігіңіз үшін құрылғыны ешқашан өз бетіңізше бірнеше бөлікке бөлшектемеңіз. Әрқашан тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Кернеу: 220-240 В ~ 50/60 Гц

Жұтылатын қуат: 1800 Вт

Сыртқы өлшемдері (ҰхБхД): 535x405x355

Салмағы: шамамен 10 кг

CE Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- 2006/95/ЕС төменгі кернеу директивасы және кезекті толықтырулары;
- EMC 2004/108/ЕС директивасы және кезекті толықтырулары
- Еуропалық ережелердің (ЕС) 1935/2004 тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

ҚОҚЫСҚА ТАСТАУ




Еуропалық 2002/96/ЕС директивасына сай, бұл құрылғы үй қоқыстарымен бірге емес, қоқыстарды сұрыптау және қайта өңдеу орталығына апарып тастау керек.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

- A термостат тетігі
- B функцияны таңдау тетігі
- C таймер тетігі
- D индикатор шамы
- E шыны қақпақ
- F торлы текше
- G торлы текше (берілген болса)
- H нан пісіру табасы
- I торлы текше тұтқасы (берілген болса)
- L отқа қақтау істігі
- M отқа қақтау істігінің тұтқасы
- N қиқым науасы
- O түбін қыздыру элементі
- P үстін қыздыру элементі
- Q отқа қақтау істігінің орны
- R отқа қақтау істігін ұстағыш

БАҒЫТТАУЫШ



ТАЙМЕР ТЕТІГІ (C)

Таймер тетігі (C) 120 минутқа дейін орнатылады. Таймер орнатылмайынша, пеш іске қосылмайды. Таймер тетігі «0» бағытында болған кезде, пеш жұмыс істемейді.

Пісіру уақытын таңдау үшін, таймер тетігін қалаған уақытқа сағат тілі бағытымен бұраңыз. Индикатор шамы (D) тек уақыт орнатылған кезде ғана жанады.

Таймер тетігі «0» бағытына жеткен кезде, дыбысты сигнал шығады және құрылғы өшіріледі. Пісіру циклінде пісіру уақытын өзгертуге болады. Таймер тетігін қалаған уақытқа қарай бұрап, пісіруді жалғастырыңыз.

Құрылғыны уақытсыз пайдалану үшін, таймер тетігін ON (ҚОСУ) бағытына бұраңыз. Мұндай жағдайда, құрылғы тетік «0» бағытына орнатылғанша жұмыс істеп тұра береді.

Пісіру уақыттары өнімдердің сапасына, тағамның температурасына және жеке талғамдарға

тәуелді.

ТЕРМОСТАТ ТЕТІГІ (А)

Термостат тетігін (А) сағат тілі бағытымен қалаған температура параметріне бұраңыз. Температураны 230°C-қа дейін орнатуға болады.

ФУНКЦИЯНЫ ТАҢДАУ ТЕТІГІ (В)

Бұл тетік қол жетімді тамақ пісіру функцияларын таңдау үшін пайдаланылады.

Конвекциялық пешпен, дәстүрлі пешпен және гриль пешімен тамақ пісірген кезде, тиісті температураны орнату үшін пешті әрқашан алдын ала 5 минутқа қыздырып қойыңыз.

Мына пісіру функциялары қол жетімді:

ЕРІТУ (кейбір үлгілерде ғана бар)

Қысқа уақыт ішінде дұрыс еріту үшін, мына әрекетті орындаңыз:

- Пісіру табасын (Н) 4-бағыттауышқа, торлы текшені (F) 3-бағыттауышқа салыңыз да, ерітілетін тағамды қойыңыз.
- Функция таңдағыш тетікті (В)  бағытына бұраңыз.
- Термостат тетігін (А) « • » бағытына бұраңыз.
- Таймер тетігін (С) ON бағытына бұраңыз немесе қалаған тамақ пісіру уақытын таңдаңыз, сосын қақпақты жабыңыз.
- Қатқан тамақтарды еріту үшін, өнім орамындағы ұсынылған уақыттарға жүгінізіз.

ЖЫЛЫ КҮЙДЕ САҚТАУ

- Пісіру табасын (Н) 3-бағыттауышқа салып, тағамды қойыңыз.
- Функция таңдағыш тетікті (В)  бағытына бұраңыз.
- Термостат тетігін (А)  бағытына бұраңыз.
- Таймер тетігін (С) ON бағытына бұраңыз немесе қалаған тамақ пісіру уақытын таңдаңыз, сосын қақпақты жабыңыз. Тағамдарды пеш ішінде тым ұзаққа қалдырмаңыз, себебі тағам құрғап кетуі мүмкін.
- Ыстық болған кезде торлы текшені немесе пісіру табасын пештен шығару үшін торлы сым тұтқасын (I) (берілген болса) пайдаланыңыз.

БАЯУ ПІСІРУ

Тәтті тоқаштар мен торттарды пісіруге өте ыңғайлы. Тағамдардың түптері піскен кезде немесе барлығын түбінен пісіруді қажет ететін тағамдарды пісірген кезде жақсы нәтижелерге қол жеткізесіз.

- Пісіру табасын (Н) 3-бағыттауышқа салып, тағамды қойыңыз.
- Функция таңдағыш тетікті (В)  бағытына бұраңыз.
- Термостат тетігін (А) пайдалану арқылы 100°C — 160°C аралығындағы қажетті температураны таңдаңыз.
- Таймер тетігін (С) ON бағытына бұраңыз немесе қалаған тамақ пісіру уақытын таңдаңыз, сосын қақпақты жабыңыз.
- Ыстық болған кезде торлы текшені немесе пісіру табасын пештен шығару үшін торлы сым тұтқасын (I) (берілген болса) пайдаланыңыз.

ПІСІРУ

Бұл функция балық түрлерін, тартылған көкөністерді, шайқалған жұмыртқаның ағынан жасалатын тоқаштарды және ұзақ уақыт бойы пісірілетін (60 мин. астам) тоқаштар үшін өте ыңғайлы. Мына әрекетті орындаңыз:

- Торлы текшені (F) немесе пісіру табасын (Н) қалаған бағыттауышқа енгізіңіз.
- Функция таңдағыш тетікті (В)  бағытына бұраңыз.
- Термостат тетігін (А) пайдалану арқылы қажетті температураны таңдаңыз.
- Таймер тетігін (С) ON бағытына бұраңыз немесе қалаған тамақ пісіру уақытын таңдаңыз, сосын қақпақты жабыңыз.
- Пешті 5 минут қыздырып алған соң, тағамды ішіне қойыңыз.
- Ыстық болған кезде торлы текшені немесе пісіру табасын пештен шығару үшін торлы сым тұтқасын (I) (берілген болса) пайдаланыңыз.

КОНВЕКЦИЯ (кейбір үлгілерде ғана бар)

Конвекция функциясын ет, пицца және нан пісіру үшін пайдаланыңыз.

- Торлы текшені қалаған бағыттауышқа енгізіп,

тағамды үстіне қойыңыз.

- Функция таңдағыш тетікті (B)  бағытына бұраңыз.
- Термостат тетігін (A) пайдалану арқылы қажетті температураны таңдаңыз.
- Таймер тетігін (C) ON бағытына бұраңыз немесе қалаған тамақ пісіру уақытын таңдаңыз, сосын қақпақты жабыңыз.
- Ыстық болған кезде торлы текшені немесе пісіру табасын пештен шығару үшін торлы сым тұтқасын (I) (берілген болса) пайдаланыңыз.

ГРИЛЬ


Бұл функция қытырлақ нан жасауға, стейк, көкөністерді және т.б. пісіруге өте жақсы.

- Грильденетін тағамды пісіру табасына (H) салынған торлы текшеге (F) қойып, екеуін бірге 1-бағыттауышқа салыңыз.
- Функция таңдағыш тетікті (B)  бағытына бұраңыз.
- Термостат тетігін (A)  бағытына бұраңыз.
- Таймер тетігін (C) ON бағытына бұраңыз немесе қалаған тамақ пісіру уақытын таңдаңыз, сосын қақпақты жабыңыз.
- Пісіру барысында жартылай бұраңыз.
- Ыстық болған кезде торлы текшені немесе пісіру табасын пештен шығару үшін торлы сым тұтқасын (I) (берілген болса) пайдаланыңыз.

ROTISSERIE (ОТҚА ҚАҚТАУ)


Бұл функция тауық етін отқа қақтау істігінде пісіруге, құс етін бүтін күйде пісіруге, шошқа етін және бұзау етін пісіруге өте қолайлы.

- Тағамды отқа қақтау торына (L) қойыңыз және оны шанышқыларды пайдаланып ұстаңыз (ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, етті ас пісіру жібімен байлаңыз).



- Пісіру табасын (H) 4-бағыттауышқа, отқа қақтау істікшесінің бекітпесі (L) мен тірегі

(Q) өз орындарына салыңыз.



- Функция таңдағыш тетікті (B)  бағытына бұраңыз.
- Термостат тетігін (A)  бағытына бұраңыз.
- Таймер тетігін (C) ON бағытына бұраңыз немесе қалаған тамақ пісіру уақытын таңдаңыз, сосын қақпақты жабыңыз.
- Пісіру уақыты аяқталған соң және тағамның дұрыс піскенін тексеру үшін тағамның ішкі температурасын тексергеннен кейін, отқа қақтау істікшесін (L) істікше тұтқасымен (M) алуға болады.

ІШКІ ШАМ (КЕЙБІР ҮЛГІЛЕРДЕ ҒАНА БАР)

Функция таңдағыш тетікті (B)  бағытына бұраңыз, сол кезде ішкі шам жанған күйде қалады.

ТАЗАЛАУ

Жиі тазалау тамақ пісіру кезінде түтіннің және жағымсыз иістердің шығуының алдын алады.

Кез келген тазалау операцияларын орындамас бұрын, құрылғыны әрқашан розеткадан суырып отырыңыз.

Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз; оны су шашып жумаңыз.

Торлы текше (F), пісіру табасы (H), қиқым науасы (N) әдеттегідей ыдыс-аяқтар сияқты қолмен немесе ыдыс жуғышта жуыла береді.

Сыртқы бетті тазалау үшін әрқашан дымқыл губканы пайдаланыңыз.

Беткі қабатты зақымдауы мүмкін қырғыш өнімдерді пайдаланбаңыз. Пештің оң жағы арқылы су немесе сұйық сабын кіріп кетуіне жол бермеңіз.

Пештің ішкі жағын тазалау үшін ешқашан шіріткіш заттарды пайдаланбаңыз және құрылғының қабырғаларын өткір немесе істік заттармен ешқашан қырғыламаңыз.

Тек қырғыш емес сұйық химикаттарды

пайдаланыңыз. Пештің оң және артқы жағына шанышқыларды, пышақтарды немесе істік заттарды ешқашан күштеп тықпаңыз.

Қиым науасын сыртқа қарай тарту арқылы шығарыңыз. Қиындық туындаған жағдайда, науаның сыртқы бөліктерін ылғалдаңыз. Кез келген кірді дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Мұқият құрғатып, науаны орнына қайта қойыңыз.

ПІСІРУ КЕСТЕСІ

тағам	EO 4035				EO 4055			
	функцияны таңдау тегігі	термостат тегігі	таймер тегігі	торлы текше / пісіру табасы бағыт	функцияны таңдау тегігі	термостат тегігі	таймер тегігі	торлы текше / пісіру табасы бағыт
дәмді бөліш		200°	40 - 45	3		200°	35 - 40	3
жаңа піскен пицца		200°	30 - 35	3		200°	30 - 35	3
қатырылған пицца		200°	15 - 20	3		200°	15 - 20	3
канелони		200°	55 - 60	4		200°	55 - 60	4
лазанья		200°	55 - 60	4		200°	55 - 60	4
бүтін тауық		230°	120	-		230°	120	-
қуырылған шошқа еті		230°	100	-		230°	100	-
кәуаптар		200°	35 - 40	3		200°	35 - 40	3
духовкаға пісірілген балық		180°	35 - 40	3		180°	35 - 40	3
қатырылған картоптар		200°	50 - 55	3		200°	45 - 50	3
жаңа картоптар		200°	55 - 60	3		200°	50 - 55	3
джемді торт		200°	40 - 45	3		200°	35 - 40	3
Неаполитан қамыры		200°	55 - 60	3		200°	55 - 60	3
бисквит		200°	25 - 30	3		200°	20 - 25	3

Кестедегі пісіру уақыты тағамның салмағына, біркелкілігіне, құрылымына және ішкі температурасына қарай тек көрсету мақсатында берілген.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі: "
Кернеу: "
Жиілік: "
Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін
жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап кершілікті және импортер:

"Делонги" ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ,
Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында
көрсетілгендей жолмен пайдаланылады.
Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен
бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында
жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау
мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А
– өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім
жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992
жылдан бастап автоматты түрде есептеледі.
Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл –
2003, өнім жасалған апта – 4)

ЕАЭС